

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 22 қаңтар

KASE Басқармасы құрамындағы өзгерістер

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - KASE, Биржа) Директорлар кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 22 қаңтардан бастап KASE Басқармасының құрамына келесі өзгерістер енгізілді:

- Дана Муратбековна Аманжолова, басқарушы директор – Биржа Басқармасының мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына оның бұрын белгіленген 2026 жылғы 30 маусымға дейін өкілеттік мерзімін сақтай отырып сайланды;
- Елдос Маратович Қуанышбеков, IT жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына 2026 жылғы 30 маусымға дейін өкілеттік мерзімге сайланды.

Дана Аманжолова Басқарма Төрағасының орынбасары ретінде Есеп палатасына, Листинг департаментіне, Ақпарат және статистика департаментіне, сондай-ақ Қадағалау бөлімі мен Қаржы мониторингі бөлімін басқаратын ішкі бақылау жөніндегі басқарушы директорға жетекшілік етеді.

Дана Аманжолова Биржадағы еңбек жолын 2019 жылы Листинг департаментін басқарудан бастады. 2021 жылы Басқарушы директор, Ақпарат және статистика департаментінің директоры лауазымына ауыстырылды, 2023 жылғы 08 тамыздан бастап Биржаның Басқарма мүшесі болып сайланды.

Дана Аманжолованың қаржы секторында 22 жылдық жұмыс тәжірибесі бар, оның ішіндегі 17 жыл бойы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау агенттігінде еңбек етті. Әр жылдары Дана Аманжолова Стратегия және талдау департаментінде, Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаментінде басшылық қызметтерін атқарды.

Реттеуші органдардағы қызметі барысында Дана Аманжолова заңнамаға бағалы қағаздар нарығын дамытуға бағытталған өзгерістер енгізуге белсенді қатысып, бағалы қағаздар нарығының субъектілері мен жинақтаушы зейнетақы қорларын қашықтықтан қадағалауды жүзеге асырды.

Елдос Қуанышбеков IT жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі ретінде Стратегия және сәулет бөліміне, Ақпараттық технологиялар департаментіне және Трансформация департаментіне жетекшілік етеді. Биржаның IT-инфрақұрылымын дамыту, ақпараттық жүйелерді өзірлеу, KASE бизнес-процестерін автоматтандыру бағыттарын қолға алып, аталған жобаларды басқарады.

Елдос Қуанышбеков Биржадағы еңбек жолын 2023 жылғы 21 тамызда KASE басқарушы директоры лауазымына сайланған кезден бастады.

Елдос Қуанышбеков KASE командасына 2023 жылы қосылып, 2023 жылғы 21 тамыздан бастап IT жөніндегі басқарушы директор қызметін атқарды. Бұған дейін "ҚРҰБ төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы" АҚ басқара отырып, басшылық ету тәжірибесін шыңдады. Стратегиялық даму бағыттарына жетекшілік етті, FinTech саласындағы жобаларды іске асыруға, оның ішінде Қазақстанда "Цифрлық теңгені" енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыруға, сондай-ақ ҚРҰБ реттеу қызметінде DeFi платформалары мен RegTech және SupTech технологияларын пайдалануға қатысты. Ол "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервистік бюросы" АҚ, "Даму "кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ және "Бәйтерек "Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ сияқты ірі мекемелерде басшылық лауазымдарын атқарды.

22 қаңтардан бастап KASE Басқармасы бес адамнан құралады:

- А.Ө. Алдамберген, Басқарма Төрайымы;

- Д.М. Аманжолова, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Е.Б. Мажекенов, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Ж.Н. Саржаков, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Е.М. Қуанышбеков, IT жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.